

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

«Бекітемін»

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі – проректор,
қабылдау комиссиясы төрағасының
орынбасары

_____ Д.М.Абдрашева
« _____ » _____ 2026ж.

D073-«Аудит және салық салу» білім беру бағдарламасы тобы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда, 2026 ж.

Құрастырушылар: Э.Ғ.К., аға оқытушы Аймағамбетова А.Д., Э.Ғ.К., аға оқытушы Наурызбаев А.Ж., Э.Ғ.К., аға оқытушы Макенова А.А.

Бағдарлама «Қаржы, есеп және аудит» БББ мәжілісінде талқыланып, ұсынылды:

№ _____ хаттама, « _____ » _____, 2026 ж.

БББ жетекшісі:

А.А.Макенова

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Докторантураға қабылдау емтиханы 3 блоктан тұрады:

1. Әңгімелесу – 30 балл
2. Эссе жазу – 20 балл
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру – 50 балл

Докторантураға түсушілер үшін әңгімелесуді «Эссе жазу», және «Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының арнай құрылған комиссиясы онлайн форматта дербес жүргізеді.

Әңгімелесу өткізу регламенттері:

- ✓ Сұхбаттың бейнежазбасы қатаң талап етіледі. Бейнежазба мұрағатта кемінде үш жыл сақталады;
- ✓ Әңгімелесу ұзақтығы бір үміткерге 20 минутты құрайды (әңгімелесуге 15 минут және бағалауға 5 минут);
- ✓ Білім бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарын және эссе жазуға - 190 минут (3 сағат 10 минут).
- ✓ Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді;
- ✓ Әңгімелесу нәтижесі жеке кабинетте «жіберу»/«жібермеу» форматында көрсетіледі.
- ✓ Түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда әңгімелесу күнін кейінге қалдыруға жол берілмейді, 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды және докторантураға қабылдау емтиханының келесі блогына жіберілмейді;
- ✓ Әңгімелесуден өтпеген түсуші мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін конкурсқа жіберілмейді және университетке ақылы негізде қабылданбайды.

8D04142-«Есеп және аудит» БББ бойынша докторантураға түсушілерген арналған емтихан бағдарламасы

АЛҒЫС СӨЗ

8D04142-«Есеп және аудит» докторантураға түсу емтиханының мақсаты Есеп және аудит докторанты бағыты бойынша жоғары маманданған білімге дайындығы Мемлекеттік білім стандарты бойынша емтиханға дайындық талаптарының сапа мен деңгейінің сәйкес болуы және емтихан тапсырушының негізгі білім бағдарламасы бойынша оқуын жалғастыру үшін мамандандырылған дайындық

Тапсыру емтиханының **міндеттері:**

- Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздері; заманауи бухгалтерлік модельдер және әлемнің экономикалық дамыған елдеріндегі бухгалтерлік есептің қажеттілігінің деңгейі, бухгалтерлік есепті түсіну мен игеру;
- Бухгалтерлік есеппен аудиттің теориялық және тәжірибиелік сұрақтарын байланыстыра білу, қаржылық есептің халықаралық стандарттарын игеру және түсіндіру.

Емтихан тақырыптарының тізімі

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі. Бухгалтерлік есептің негізгі ішкі жүйелері (қаржылық есеп және басқару есебі) олардың сипаттамалары және салыстырмалық аспектілері. Қазақстандағы есепке алу және аудит жүйесіне цифрлық технологияларды интеграциялау моделі.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздері

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі тұлғаларды дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Бухгалтерлік есеп дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді.

Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктері негізге алына отырып, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін дара кәсіпкер немесе ұйым қолдануға қабылдаған нақты принциптерді, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен практиканы білдіреді.

Қаржылық есептілік элементтері. Активтер, міндеттемелер және капитал қаржы жағдайын бағалаумен байланысты қаржылық есептілік элементтері болып табылады. Активтер - дара кәсіпкер немесе ұйым өткен оқиғалар нәтижесінде бақылап отырған, болашақта экономикалық пайда алу күтілетін ресурстар. Міндеттеме - дара кәсіпкердің немесе ұйымның өткен оқиғалардан туындайтын мойнында тұрған міндеті, оны реттеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығып қалуына әкеп соғады. Капитал - дара кәсіпкердің немесе ұйымның активтеріндегі барлық міндеттемелер шегеріліп тасталғаннан кейінгі үлес. Кірістер мен шығыстар пайда мен зиян туралы есепте қызмет нәтижелерінің өлшемімен тікелей байланысты элементтер болып табылады. Кірістер - есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы тұлғалардың жарнасымен байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына әкеп соғады. Шығыстар - есепті кезең ішінде активтердің қолдан кетуі немесе азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы, олар капиталға қатысушы тұлғаларға бөлумен байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына әкеп соғады. Қаржылық есептілік элементтерін бағалау және есепке алу. Қаржылық есептілік элементтерін бағалау - аталған элементтер бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте танылатын және тіркелетін ақша сомаларын анықтау. Бағалауды қолдану әдістері мен тәртібі халықаралық

стандарттарға және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді. Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу әдістері және тану тәртібі халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді.

Әдебиет

1. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-ІІІ Заңы (01.09.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

2. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысы (24.06.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

3. Байдыбекова С.К. Бухгалтерский учет в соответствии с МСФО [Текст] : учебное пособие. Т.1 / С.К. Байдыбекова. - Алматы : New Book, 2021.

4. Байдыбекова С.К. Бухгалтерский учет в соответствии с МСФО [Текст] : учебное пособие. Т.2 / С.К. Байдыбекова. - Алматы : New Book, 2021. - 288 с.

5. Бекетова Айман Муратбековна. Учет и аудит [Текст] : учебное пособие / А.М. Бекетова. - Алматы : New Book, 2021. - 168 с.

6. Бейсенова Л.З. Аудит эффективности [Текст] / Л.З. Бейсенова, А.А.-К.Карыбаев, А.К. Жахметова. - Алматы : Эверо, 2021. - 312 с.

7. Бухгалтерский учет [Текст] : учебное пособие / Д.М. Нурхалиева, Б.А. Алибекова. - Алматы : New Book, 2021. - 324 с.

8. Бейсенбаева А.К. Ұйымдағы ішкі аудит [Мәтін] : оқу құралы / А.К. Бейсенбаева. - Алматы : Эверо, 2021. - 184 б.

9. Нурхалиева Дульпариз Мусакуловна. Қаржылық есеп [Мәтін] : оқу құралы / Б.Б. Султанова, Ж.А. Абишева, Ф.М.Тулегенова, М.Б.Байдаулетов, А.З.Арыстамбаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 492 б.

10. Исақова С.А. Аудит теориясы [Мәтін] : оқу құралы / С.А. Исақова, А.Б. Қалабаева. - Алматы : New Book, 2021. - 304 б.

11. Қаржылық есеп [Мәтін] : оқу құралы / Б.Б. Султанова, Ж.А. Абишева, Ф.М.Тулегенова, М.Б.Байдаулетов, А.З.Арыстамбаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 492 б.

Аудит

Аудит – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында тексеру. Аудиторлық қызмет – Заңға сәйкес қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат аудитін жүргізу және көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Аудиторлық қызметтің мәні – ол аудиторлардың немесе аудиторлық фирмалардың клиенттерге келесі қызметтерді ұсынуы бойынша кәсіпкерлік қызметі: қаржылық есептілікті, есептік – төлем құжаттамаларды тәуелсіз тексеру; кеңес беру; бухгалтерлік есепті жүргізу және оны қалпына келтіру; ұйымның активтері мен міндеттемелерін бағалау; салық декларациясын құру; шаруашылық – қаржылық қызметіне экономикалық талдау жасау; және тағы басқалары.

Аудиттің мақсаты – аудиторға қаржылық есептіліктің және оны құрудың бекітілген концептуалдық негізіне сәйкес, барлық маңызды аспектілері бойынша олардың әзірленуі туралы қорытынды жасауға (пікір қалыптастыруға) мүмкіндік беру болып табылады. Алайда, аудиттің мақсатына берілген әдеттегі анықтамаға қарамастан, іс жүзінде клиенттің аудиторға қойған талабы – аудиттің мақсаты болуы керек.

Аудиттің қажеттілігі қаржылық есептілікті пайдаланушылардың мүдделеріне

негізделеді. Ақпаратты пайдаланушылар ішкі және сыртқы болып екі топқа бөлінетіні мәлім. Ішкі пайдаланушыларға дұрыс басқару шешімін қабылдауы үшін ешбір қатесіз және ауытқусыз шынайы қаржылық ақпарат қажет. Сонымен бірге, ұйымның қаржылық жағдайына сыртқы пайдаланушылар да өз мүдделеріне байланысты қызығушылық білдіреді. Аудиторлық қызметтің негізгі міндеті экономикалық субъектілердің қаржылық – шаруашылық қызметін реттейтін заңдылықтардың сақталуының сапалы тексерілуін қамтамасыз ету, бухгалтерлік есепті жүргізу, есептілік құру және ақпаратты пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Іскерлік ортада есеп мәліметтері аудиторлық қорытындымен расталмаған кәсіпкерлерге сенім аз болады. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

Әдебиет

1. Бекетова Айман Муратбековна. Учет и аудит [Текст] : учебное пособие / А.М. Бекетова. - Алматы : New Book, 2021. - 168 с.
2. Бейсенова Л.З. Аудит эффективности [Текст] / Л.З. Бейсенова, А.А.-К.Карыбаев, А.К. Жахметова. - Алматы : Эверо, 2021. - 312 с.
3. Бухгалтерский учет [Текст] : учебное пособие / Д.М. Нурхалиева, Б.А. Алибекова. - Алматы : New Book, 2021. - 324 с.
4. Бейсенбаева А.К. Ұйымдағы ішкі аудит [Мәтін] : оқу құралы / А.К. Бейсенбаева. - Алматы : Эверо, 2021. - 184 б.
5. Исақова С.А. Аудит теориясы [Мәтін] : оқу құралы / С.А. Исақова, А.Б. Қалабаева. – Алматы : New Book, 2021. – 304 б.
6. Тереңдетілген аудит [Мәтін] : оқу құралы / А.Ж.Зейнуллина, М.К.Толымгожинова, Л.З.Паримбекова, З.А.Слямова. - Алматы : New Book, 2021. - 180 б.
7. Абленов Д.О. Аудит негіздері. [Текст]: Оқулық / Д.О. Абленов.- Алматы: Экономика, 2005.
8. Аудит: Учебник для вузов. / Под ред. В.И.Подольского.- 3-е изд., перераб. и доп.- Москва: ЮНИТИ-ДАНА, Аудит, 2005.- 583 с.;
9. Әжібаева З.Н. Аудит [Мәтін]: Оқулық. / З.Н. Әжібаева, Н.Ә. , Ж.Ә.- Алматы, 2006.
10. Жарылгасова Б.Т. Международные стандарты аудита: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. / Б.Т. Жарылгасова, А.Е. Суглобов.- 2-е изд., стер.- Москва: КНОРУС, 2006.-400с.
11. Абленов Д.О. Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы. / Д.О. Абленов.- Алматы: Экономика, 2007.- 544 б.
12. Абленов Д.О. Финансовый контроль и углубленный аудит: теория, методология, практика: Учеб. пособие. / Д.О. Абленов.- Алматы: Экономика, 2007.- 608 с.
13. Аудит: Учебник. / Под ред. В.И.Подольского.- 2-е изд., перераб. и доп.- Москва: Экономистъ, 2007.-543 с.
14. Нурсеитов Э.О. Аудит: краткое руководство [Текст] / Э.О. Нурсеитов.- Алматы: Издательство "LEM", 2007.- 220 с.

Экономикалық зерттеулер әдістемесі

Экономикалық динамиканы және статистиканы зерттеу мен талдаудың екі амалы қалыптасқан: зерттеуді ұдайы өндірістік бағытта жүргізу және байланыстар мен тәуелділіктерді экономикалық өсу бағытынан зерттеу. Зерттеудің бағыттарының ортақ қасиеттері және олардың айырмашылықтарын сипаттайтын қасиеттері болады. Оларды зерттеуде өндіріс құрал-жабдықтары, жұмыс күші, жұмыс және бос уақыт, жалпы қоғамдық өнім, ұлттық табыс және басқадай ортақ категориялар мен көрсеткіштер қолданылады. Бірақ, бұлардың айырмашылықтары да бар. Біріншіден, ұдайы өндіріс теориясы өндірістің

динамикасын оның өсімінің қарқынымен есептеспей зерттейді. Мұндағы басты мәселе — қоғамдық өндірістердің бірінші және екінші бөлімдерінің байланыстарының пропорциялары. Ал осыдан темптер шығарылады. Экономикалық өсу темптері бастапқы деп және пропорцияларды белгілейді деп тұжырымдалады. Осының объективтік негізін қоғамдық қажеттілік құрайды. Сөйтіп, экономикалық өсу теориясында себепті-салдарлы байланыстардың керісінше сипаты болады. Екіншіден, болжамдайтын деңгей үшін ұдайы өндірістік негізі деп динамиканың бір жылдық мерзімі алынады. Міне, осылай бір жылдық циклда жасалған игіліктердің сомасы ретінде жиынтық қоғамдық өнім белгіленеді. Үшінші айырмашылық — экономикалық өсу жүйесінде бос уақыт өсудің резерві, өсу потенциалының құрамдас бөлігі болып табылады. Бос уақыт — бұл адам капиталы дамуы үшін қажет кеңістік болып табылады. Ұдайы өндірісті талдауда бос уақытты еленбейді, бос уақыт аз болған сайын жұмыскерді қанау дәрежесі жоғары деп есептеледі. Өмір үшін қоғамның дамуына қажет ресурстардың шектелген жағдайында экономикалық өсу процесінде қалыптасатын қатынастар мен заңдылықтарды экономикалық теория зерттейді. Пәннің ерекшелігі зерттеудің методологиясы мен методтарының ерекшелігін тудырады. Методология дегеніміз экономикалық жағдайларды зерттеуде қолданылатын жалпылама әдіс, белгілі философиялық көзқарастар тұрғысынан қарағанда ол субъективтік, диалектикалық-материалистік, эмпирикалық, рационалистік және т.б. бағыттарды қолдануды талап етеді. Бұл методология адамдардың таптық құрамына қарамастан, экономикалық жүйені тұтас зерттеп, осының негізінде экономикалық өркениеттің объективтік рационалистік заңдар ашып зерттеуді талап етеді. Құрал ретінде математикалық эконометрика, кибернетика пайдаланылады. Зерттеу нәтижесі экономикалық үлгілер, схемалар, графиктер пайда болады. Рационалистік әдіс объективтік шындықты талдаудың тұрақты динамикада жүргізілуін тілейді. Бұған өндіріс, болу, айырбас және тұтынушыдың ішкі байланыстары мен заңдарын зерттеу тәсілі жатады. Рационалистік және аналитикалық әдістердің өзара байланыстары әсіресе ұдайы өндіріс пен экономикалық өсу процестері талдауда толық байқалады. Позитивтік әдіс экономика ғылымының белгілі бір философиясын құруды, экономика туралы білімді тұжырымдауды, фактілеу суреттеп баяндау және жүйеге келтіру негізінде экономикалық ортаның даму заңдары мен категорияларын ашуды, тәжірибе қолдануды, нарықтық байқау-бақылауды талап етеді. Демек, экономикалық ғылымның философиясы бұйрық-әкімшілік, нарық жүйелерінің тепе-теңдігі және эволюциясы туралы ілімді, олардың құрылымы мен инфрақұрылымы туралы ілімді қалыптастырады. Танып білудің нормативтік әдісі адамдардың барынша жоғары үнемділік принциптерге негізделген практикалық әрекеттерін талдауды талап етеді. Бұл әдістің басты принципі шаруашылық іспен шұғылданатын барлық субъектілердің пайдасын көздейтін нәтижеге жету болады. Экономикалық өмір нақты жағдайдағы фактілердің жиынтығы болып табылады. Сондықтан бұл әдісті қолдану үшін, неғұрлым жоғары дәрежені талдап, қорытынды шығару дәрежесіне көтеруді тілейді. Экономикалық құбылыстарды талдау экономикалық құбылысты, оның жеке элементтеріне бөліп және әр элементті тұтас құбылыстың қажетті құрамды бөлігі деп зерттеуді талап етеді. Ал синтез құбылысты алдымен әр бөліктен тұратын құрылым деп, бұдан кейін осы элементтердің біртұтас қосылуымы деп зерттеп, жалпы қорытынды шығарады.

Әдебиет

1. Баймукашева Ж.З. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау: оқу құралы. - Алматы : Бастау, 2019. - 230 б.
2. Сакенова У.З. Ұйым экономикасы: Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 77 б.
3. Ертлесова Ж. Экономический анализ в антимонопольном регулировании. Теория и практика применения в ОЭСР и Казахстане. - Алматы : LEM, 2023. - 404 с.
4. Баймуханова Сария Баймухановна. Аудит и анализ на предприятиях пищевой промышленности Республики Казахстан: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 140 с.

5. Абдраимова Г.Ф. Экономический анализ и анализ финансовой отчетности: Учебное пособие. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 139 с.
6. Садыханова Г.А. Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау: Оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2018. - 129 б.
7. Баймукашева Ж.З. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау: оқу құралы. - Алматы : Бастау, 2019. - 230 б.
8. Абдраимова Г.Ф., Исмаилова А.Х. Экономический анализ и анализ финансовой отчетности: Учебное пособие., 2019. – 139 с.
9. Баишева Е.Д. Басқаруды талдау : Оқу құралы /- Алматы : ЭСПИ, 2024. - 192 б.
10. Алимжанова А.С. Методы и модели оценки эффективности деятельности предприятия / А.С. Алимжанова // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2015. № 5-4. С. 47-49.
11. Боргардт Е.А. Современные подходы к классификации резервов повышения эффективности деятельности предприятия / Е.А. Боргардт // Азимут научных исследований: экономика и управление. 2017. Т. 6. № 1 (18). С. 130-134.
- Гуркина С.М. Использование ключевых показателей эффективности деятельности предприятий / С.М. Гуркина // Вестник науки и образования. 2017. № 1 (25). С. 45-47.
12. Дронин Б.Н. Методология анализа показателей эффективности деятельности коммерческих организаций / Б.Н. Дронин // Современные тенденции развития науки и технологий. 2016. № 4-12 (21). С. 196-197.
13. Жердева О.Ю. Влияние рисков на эффективность управления производственной деятельностью / О.Ю. Жердева // Синергия Наук. 2017. № 15. С. 169-175
14. Зайончик Л.Л. Повышение экономической эффективности деятельности предприятия на основе анализа хозяйственной деятельности / Л.Л. Зайончик // Научно-аналитический экономический журнал. 2017. № 6 (17). С.2.

Емтиханға дайындық үшін жалпы сұрақтар

1. Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларында болатын өзгерістер мен қателер (IAS 8).
2. Қаржылық есептілікті ұсыну (IAS1).
3. Инвестициялық жылжымайтын мүлік (IAS 40): тану және бастапқы бағалау.
4. Негізгі құралдар (IAS 16). Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер: тану, жіктеу және бағалау (IFRS 5). Жалға алушы мен жалға берушінің есептілігіндегі қаржылық жал (IFRS 16).
5. Қаржы құралдарын бастапқы және кейінгі бағалау және әділ құнын анықтау әдістері.
6. Активтердің құнсыздануы (IAS 36).
7. Зейнетақымен қамсыздандыру бағдарламалары (зейнетақы жоспарлары) бойынша есеп және есептілік (IAS 26).
8. Аралық қаржылық есептілігі (IAS 34): мақсаты, қолдану аясы және анықтамасы.
9. Капитал және резервтер есебі. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету (IAS 34).
10. Операциялық бөлімдер түсінігі. Сегменттік есептілік мақсаты (IFRS 8).
11. Бухгалтерлік есеп әдісі туралы түсінік және оның элементтерінің сипаттамасы.
12. Қазақстан Республикасындағы аудитті нормативтік-құқықтық реттеу.
13. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының аудиті.
14. Аудитті жоспарлау мен жүргізудегі маңыздылық АХС 320.
15. Елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтау және бағалау АХС 315.
16. Қаржылық есеп беру аудитін жоспарлау АХС 300.
17. Салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің жіктелуі және есебі.
18. Электрондық бухгалтерия жүйелері
19. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ақша қаражаттарын көрсету.
20. Активтерді қайта бағалау және құнсыздану есебі.
21. Бухгалтерлік есептің негізгі ішкі жүйелері (қаржылық есеп және басқару есебі) олардың сипаттамалары және салыстырмалық аспектілері.

22. Түгендеу жүргізудің ережесі және тәртібі. Түгендеу нәтижелерін құжаттық рәсімдеу. Түгендеу нәтижелерін анықтау және оларды реттеу. Түгендеу нәтижелерін бухгалтерлік есепте бейнелеу.
23. Аудиттің халықаралық стандарттарының жіктелуі
24. Бастапқы есеп бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесінің негізі ретінде
25. Ақша қаражаттары және олардың баламаларын тану.
26. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі
27. Заманауи бухгалтерлік модельдер және әлемнің экономикалық дамыған елдеріндегі есеп
28. Жалға алушы мен жалға берушінің есептілігіндегі қаржылық жал (IFRS 16)
29. Жалға алушы мен жалға берушінің есептілігіндегі операциялық жал
30. Қаржы құралдарын бастапқы және кейінгі бағалау және әділ құнын анықтау әдістері.
31. Капитал және резервтер есебі.
32. Шоғырландырылған қаржылық есептілік түсінігі және оны құру тәртібі
33. Аудиторлық қорытындының түрлері мен нысандары
34. Аудит сапасын бақылау
35. Міндеттемелер мен капиталдың аудиті
36. Өндірістік цикл аудиті
37. Аудит жұмысының сапасын бақылау АХС 220
38. Қаржылық есеп берудегі салықтар
39. «Қазақстан Республикасындағы аудит туралы» Заңында қарастырылатын аудит түрлері
40. Ұйымдардың меншікті капиталының түсінігі және жіктелуі.
41. Сатып алу циклінің аудиті
42. Жасанды интеллект көмегімен аудит жүргізу
43. Негізгі қорлардың түсінігі, жіктелуі және бағалануы.
44. Материалдық емес активтердің амортизациясының есебі.
45. Электрондық бухгалтерия жүйелері
46. Активтерді қайта бағалау және құнсыздану есебі.
47. Дебиторлық берешекті есепке алу.
48. Кредиторлық берешекті есепке алу
49. Экономика және оның қоғам өміріндегі рөлі.
50. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау негіздері
51. Жоспарлау экономикалық зерттеулер
52. Ақпараттық базасы экономикалық зерттеулер
53. Тарихи зерттеу әдісі
54. Абстрактілі-логикалық зерттеу әдісі
55. Статистикалық зерттеу әдісі
56. Монографиялық зерттеу әдісі
57. Негіздеу әдістері мен тәсілдерін жүргізу кезінде экономикалық зерттеулер
58. Рөлі мен маңызы дұрыс таңдау әдістерін зерттеу
59. Нәтижелері экономикалық зерттеулер түрлері мен олардың жарияланымдар
60. Конференция түрлері, оларды ұйымдастыру және қатысу нысандары
61. Ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымына қойылатын жалпы талаптар
62. "Экономикалық зерттеулер әдістемесі" пәнін оқытудың мақсаты, міндеттері мен құзыреттері
63. Ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны
64. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері
65. Экономикалық зерттеулердің ғылыми әдістері
66. Ғылыми зерттеу бағдарламасын әзірлеу кезеңдері
67. Ғылыми идея ұғымы және оларды құру әдістері
68. Гипотеза ұғымы
69. Гипотеза түрлері және оларға қойылатын талаптар
70. Гипотезаны негіздеу

71. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау негіздері
72. Зерттеудің экономикалық-статистикалық әдістері
73. Статистикалық бақылау, статистикалық топтау. Абсолютті және салыстырмалы шамалар
74. Вариацияның орташа шамалары мен коэффициенттері
75. Динамика қатарлары, индекстер
76. Корреляциялық-регрессиялық талдау
77. Дисперсиялық талдау
78. Экономикалық салыстырулар
79. Сілтемелер мен әдебиеттер тізімін жасау
80. Электрондық ақпарат тасымалдаушылармен жұмыс
81. Ақпарат көздерінің қағаз түрлерімен жұмыс
82. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді таңдауға жалпы көзқарас
83. Мерзімді басылым тұрғысынан құжаттардың түрлері
84. Нысаналы мақсаты тұрғысынан құжаттардың түрлері
85. Экономикалық зерттеу әдістері

БББ жетекшілік:

А.Қ. Оралбаева